

УДК 37.035:37.011.32-052

Ж.А. ҚАЛМАҚОВА

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ

Адамдар денсаулығының қалыптасуында гигиеналық немесе биологиялық факторлармен бірге сол адамның тұрмыстық жағдайы, тамақтану сипаты, өз денсаулығын күту мүмкіндігі сияқты әлеуметтік факторлардың да маңыздылығы жоғары екендігі белгілі [1].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша адам денсаулығының қалыптасуындағы әлеуметтік факторлардың ықпалы 50% деңгейге дейін жетіп, халық арасында кең тараған аурулардың пайда болуындағы басты себепке айналып отырғандығы келтірілген.

Негізгі сөздер: бала денсаулығы, әлеуметтік фактор, аурушаңдық көрсеткіші.

Әдетте экономикалық қолайлы жағдай салауатты өмір салтын құруға мол мүмкіндік береді деп есептеледі. Бұған толыққанды тамақтану мүмкіндігі, жайлы тұрғын үй-тұрмыс жағдайы, соның ішінде экологиялық таза аймаққа орналаса алу мүмкіндігі, жанұядағы жақсы психологиялық климат, жеке автокөліктің болуы, яғни, күнделікті нан табу мәселесі тұрақты түрде шешілгендігі т.б. денсаулықтың қалыптасуына мол мүмкіндік жасайтын сияқты көрінеді. Дегенмен, жоғарыда аталған қолайлы жағдайларға қарамастан осындай жанұяларда да балалар денсаулығының деңгейі қанағаттанарлықсыз жағдайда қалып отырғандығы байқалады. Бірқатар жұмыстардың нәтижесі, осындай жанұяларда алаңдаушылық пен психологиялық ширығу деңгейі өте жоғары екенін көрсетеді [2].

Зерттеу әдістері

Алдыға қойған мақсатты айқындау үшін Қызылорда қаласының №23, 4 мектептерінде оқитын 250 оқушының денсаулық жағдайы мен олардың отбасындағы тұрмыстық жағдайы, тамақтану сипаты және салауаттылық шараларын ұстану дәрежелері анкеталық тәсілмен зерттелінді.

Жұмыс мақсатына сәйкес анкеталық жұмыс жүргізу әлеуметтік жағдайларды, яғни, отбасының табыс көзі, орташа жалақы, тұрғын үй жайлылығы, тамақтану сапасы, оқушы бала мен ата-аналар арасындағы өзара түсінушілік немесе керісінше түсінбеушілік дәрежелеріне көңіл бөлінді.

Сонымен қатар, әр отбасындағы отбасы мүшелерінің толықтығы, басқалай айтқанда баланың толық қанды отбасында немесе анасымен, болмаса әкесімен ғана тұрып жатқандығы да ескерілді (кесте 1).

Кесте 1 – Оқушы бала мен ата-аналар арасындағы өзара түсінушілік дәрежелерінің отбасы мүшелерінің толықтығына байланыстылығы, % (M±m)

Отбасы толықтығы	Саны	%	Ата-анамен оқушылар арасындағы өзара түсінушілік дәрежесі		
			жақсы	орташа	жаман
Толық отбасы	175	69,7	79,3	19,4	1,3
Толық емес отбасы	75	30,3	62,3	16,8	20,9
Барлығы	250	100	70,8	18,1	11,1

Бұл тұста бала мен ата-аналар арасындағы өзара түсінушілік немесе керісінше түсінбеушілік, келіспей қалушылық сияқты көрсеткіштердің толық емес отбасыларда (20,9) анағұрлым көбірек байқалатындығына көз жеткіздік.

Денсаулық жағдайынан өздерінің субъективті сезімдерін анықтауға арналған сұрақтар арқылы 9 жастағы балалардың

16,90%, 12 жастағылардың 11,7% және 15 жастағылардың 15,39% әртүрлі ауру класстарына қатысты шағымдар белгісін көрсетті (кесте 2).

Кесте 2 – Оқушылардың денсаулық жағдайының субъективті сезімдері, % (M±m)

Жасы	Шағымы жоқ	Белгілі бір ауру классына қатысты шағымы бар	Үнемі шршап, өзін сергек сезінбейтін балалар
9 жас	53,0	16,9	30,14
12 жас	47,9	11,7	40,4
15 жас	38,1	15,3	46,3
Барлығы	46,3	14,6	38,9

Осы сауалнамалық қорытындыға қатысты айта кететін бір жайт, барлық зерттеумен қамтылған оқушылардың орташа шамамен 38,9% үнемі шаршап, өздерін сергек сезінбейтіндерін байқатты. Бұл шаршау құбылыстары ең алдымен ересек балалар тобында, яғни 15 жастағы балалар арасында жиі ұшырасатындығы (46,3%) анықталды. Алынған нәтижелер бүгінгі қолданыстағы оқу бағдарламаларының ауырлығымен немесе оқушы балалардың оқу бағдарламасына деген қызығушылықтарының жоғалып кетуімен байланысты, болмаса басқа да бір себептермен болуы ықтимал екендігіне көз жеткізу ары қарайғы осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының қажет екендігін алдыға тартатыны белгілі.

Осы келтірілген нәтижелермен қатар жүргізілген сауалнама барысында оқушылардың ата-анасының жасы, денсаулық жағдайы мен олардың зиянды әдеттермен айналысу, айналыспауы да ескерілді. Нәтижесінде жалпы зерттеумен қамтылған оқушылардың 57,4%-ға жуығының аналарының нәрестені дүниеге әкелген кездегі орташа жасының 28-29 жаста, 17,3%-ға жуығы 20-27 жаста, 11,2% жасы 18-19 жаста, ал 14,1% жасының 30-48 жасқа дейінгі аралықта болғандығы белгілі болды. Оқушылардың 47,9%-ға жуығының ата-аналары әртүрлі нақты аурулармен зардап шегіп жүрген науқастар екені байқалды. Сонымен қатар респонденттердің белгілі бөлігінің (7,5%) ата-аналарының зиянды әдеттермен айналысатыны (негізінен шылым шегу) анықталды.

Әдебиет көздеріндегі мәліметтер бойынша қолайсыз тұрғын үй, тұрмыс жағдайлары балалардың ең алдымен ас қорыту, жүйке жүйелеріне салмақ түсіріп, белгілі уақыт аралығында осы жүйелерге қатысты аурушаңдық белгілерінің пайда болуына әкеліп соқтырады [3]. Зерттеуге алынған оқушылардың басым бөлігінің (65,7%) жағдайы жақсы бола тұрса да, кейбір оқушылар (21,4%) жайластырылмаған коммуналдық жайлар мен жалдамалы пәтерлерде (10,9%) тұрып жатқандығы анықталды.

Жанұяның материалдық жағдайы оқушылардың ата-анасының жұмыс орынының тұрақтылығына байланысты болып келеді. Жанұя бюджеті туралы сұрақтарға оқушылардың көбі қиналыспен жауап бергендігі, немесе мүлде жауапсыз қалдырғандығы байқалды. Осы сұраққа берілген жауаптар әртүрлі болды: негізінен оқушылардың аналарының тұрақты жұмыс орындарында (49,5%) қызмет ететіндігі, жұмыс орнының тұрақсыздығы туралы жауаптар көбінесе оқушылардың әкесіне байланысты (57,3%) болды.

Тағам қабылдау және ас рационына қатысты сұрақтар көптеген оқушылардың тағам рационы негізінен ет және ет өнімдерінен, керісінше жеміс-жидектер мен көкөністер құрамының жеткілікті бола бермейтінін (47,9%) көрсетті.

Уақыт талабымен байланысты гигиеналық нормативтерге сәйкес мектеп жасындағы балалардың күніне 2-3 сағат компьютерлік техниканы қолдануы қалыпты жағдай болып табылады [4]. Зерттеу нәтижесі оқушылардың 63,4% күніне 3 сағаттан көп айналыспайтынын, 18,6% 4-тен 5-сағатқа дейін айналысатынын, ал 18% үйде техникалық құралдармен мүлде жұмыс істемейтінін көрсетті. Мектеп оқушыларының 80% әртүрлі компьютерлік ойындар ойнайтынын (ұнататынын), оның ішінде 68,9% тұрақты түрде ойнайтынын, 12%-ы күніне 2 сағаттан 3 сағатқа дейін, 6,1%-ы 3 сағаттан 4 сағатқа дейін тұрақты түрде ойнайтынын көрсетті. Оқушылардың 5,5% күнделікті 5-6 сағат мөлшерінде компьютермен немесе ұялы телефон арқылы әртүрлі ойындар, ойнап, бейне материалдар көретіндерін мәлімдеп берді.

Осы оқушылардың 42% көру қабілеттерінің нашарлап, көздерінің жасаурап, үнемі шаршап тұратынын байқаған. Көзге гимнастика жасау қажет екені туралы бәрі хабардар болғанымен олардың 46,6% ғана гимнастика жасауға тырысатынын, 17,2% күніне бір-ақ рет, 5,5% – күніне екі рет, 3,7% күніне екі-үш рет жасайтыны туралы мәлімет берді.

Қорытындылай келгенде, зерттеу нәтижесі мектеп жасындағы балалар денсаулық көрсеткіштерінің қалыптасуына гигиеналық, биологиялық факторлары мен бірге, сол баланың өсіп жатқан жанұяның тұрмыстық жағдайы, тамақтану сипаты, денсаулық күту мүмкіндігі сияқты әлеуметтік факторлардың ықпалы жоғары екенін көрсетті.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Обреимова Н.И., Петрухин А.С. Основы анатомии, физиологии и гигиены детей и подростков. – М., 2000. – 260 с.
- 2 Оспанова Г.Қ. Балалар мен жасөспірімдердің компьютермен жұмыс істеуіне арналған гигиеналық шаралар. – Алматы, 2005. – 47 бет
- 3 Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков при работе с компьютерными видеодисплейными терминалами. – М., 2000. – 170 с.

4 Кибатаев К.М. Влияние компьютерной техники на здоровье школьников Актюбинской области: автореф. дис. ... канд. мед. наук. – ЗКГМА, 2004. – 27 с.

РЕЗЮМЕ

Ж.А. КАЛМАКОВА

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда

ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ ФАКТОРОВ НА ФОРМИРОВАНИЕ ЗДОРОВЬЯ ШКОЛЬНИКОВ

Считается, что хорошие экономические условия способствуют формированию здорового образа жизни. Однако, несмотря на хорошие условия проживания семьи, состояние здоровья детей может быть неудовлетворительное. Исследовательская работа проводилась среди 250 школьников города Кызылорда. Оценивались такие социальные факторы, как источники дохода семьи, средняя заработная плата родителей, условия проживания, характер питания, взаимопонимание и непонимание между родителями и детьми.

Кроме того, оценивалось в полной ли семье воспитывается ребенок, либо живет только с матерью, или только с отцом. Учитывались субъективные ощущения школьников к состоянию здоровья.

Результаты проведенного социального исследования показывают, что условия проживания и материальное положение родителей оказывает значительное влияние на формирование здоровья детей школьного возраста и является одним из ведущих факторов среди всех факторов влияющих на их здоровье.

Ключевые слова: *здоровье школьников, социальный фактор, дети школьного возраста, семья.*

SUMMARY

Zh.A. KALMAKOVA

Kirgiz state medical university n.a. Korkit Ata, Kyzylorda c.

INFLUENCE OF SOCIAL FACTORS ON FORMATION OF HEALTH OF SCHOOL STUDENTS

It is believed that good economic conditions contribute to a healthy lifestyle. However, despite good family accommodation children's health may be unsatisfactory. The research work was carried out among 250 students of Kyzylorda. Assessed social factors such as sources of family income, average wages of parents, living conditions, diet, understanding and misunderstanding between parents and children.

In addition, the full rated whether a child is brought home, or live with mother or father only.

Results of the conducted social research show that conditions of accommodation and financial position of parents has considerable impact on formation of health of children of school age and is one of leading factors among all factors influencing their health.

Key words: *health of Scholl children, social factor, school-age children, family.*